

Ақтөбе қаласы

26.08.2025 жыл

Қатысканы:

Күн тәртібінде:

1. Білім беру мекемесінің жаңа оқу жылына дайындығы туралы.

Хабарламашы меңгеруші М.С.Ермаганбетова

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі М.С.Ермаганбетова №35 «Балбұлақ» балабақшасы Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын меңгерушісі Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ат салысуымен балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастық жақсы нәтиже беріп отырғанын атап өтті. Балабақшада берілетін тәрбие – бүлдіршіндерге берілетін тәрбиенің бастауы. Соның бірі көктемде ауланы көгалдандыру жұмысы жүргізілсе, жазда ойын алаңдары ойыншықтармен толықтырылды. Ал қыста қар тазалау қол көмегін тигізсе, күзде қураған жапырақтарды жинасуға сенбілікке көмектесуге қолғабыс етілді. Жоғарыда аталған жұмыстардың арқасында жаңа оқу жылына балабақша дайын.

Сонымен қатар №35 «Балбұлақ» балабақшасы Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын бұдан әрі балабақша атынан меңгеруші Ермаганбетова М.С. ата-аналардың сұранысын негізге ала отырып, балабақша Жарғысын басшылыққа ала отырып жүргізілетін жаңадан қосымша ақылы қызмет «Театрға саяхат», «Learning Funny English», үйірмелері жұмысын бастайтынын хабардар етті. Қосымша ақылы қызмет аптасына 2 рет, ұзақтығы 25-30 минуттан жүргізіледі. Баламен жұмысты оның жасына, жас ерекшелігіне, білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес жүргізіледі. Бағдарлама мен бейімдеу бойынша қосымша ақылы білім беру үйірмесінің ақысы 2500 теңге ата-ана арасындағы келісім шартпен бекітілген үйірме кестесіне және бағдарлама бойынша, сонымен қатар оқытудың ұйымдастырылған түрлері барысында талаптарды есепке ала отырып жүргізіледі.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Суликова Д.: Қамқоршылық кеңес жұмысының мақсаты – бірыңғай педагогикалық ұстаным негізінде оқыту мен тәрбие беруде педагогикалық ұжым мен қамқоршылық кеңесі қарым-қатынасын ұйымдастыру, кешенді оқыту – тәрбиелеу жұмысының материалдық – техникалық базасын нығайтуға көмектесу. Жыл бойына қарастырылатын мәселелер мемлекеттің тәрбие беру іс – шарасына бірлесіп атқаруға ата – аналар қауымын тарту, олардың педагогикалық мәдениетін, білімін көтеру, балабақша мен отбасына ынтымақтастығын ұйымдастыруға ықпал жасау, балаларға әлеуметтік жағынан қолдау көрсету екендігін айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері де ары қарай балабақшамен бірлесіп жұмыс жасауға, көмектесуге, қолдау білдіретіндерін айтып бір ауыздан келісті.

Шешім:

2025-2026 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары «жаксы» деп танылсын.

Қамқоршылық кеңес отырысының төрайымы: Суликова Д.
Мүшелері: Сәбит Г.
Құдайбергенова С.
Муханова Н.
Жүргенбаева Г.
Санимова А.
Тасанова Г.
Хатшы Нургалиева Ж.